Банк нарығының конъюктурасы үнемі динамикада болғандықтан, мұндай жан-жақты талдауды үнемі жүзеге асыру қажет. Тек осындай тәсіл банктің тұрақтылығын сақтап қана қоймай, оның деңгейін, оның табыстылығы мен несиелік қызметтің рентабельділігін арттыруға көмектеседі. Несиелік қоржынды басқару жүйесі көпқырлы, оның маңызды элементі болып табылатындар:

- несиелік қоржынды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы;
- несиелік саясаттың стратегиясы мен тактикасын дайындау;

- несиелік үдерісті реттейтін ішкі нормативтік құжаттардың болуы;
- сапалық және сандық сипаттамасын жақсарту мақсатында несиелік қоржынды талдау [12,13-176].

Несиелік қоржынды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының негізінде несиені ұсыну, несие көлеміне қарай несиелік мәміле шарттарын өзгерту, оның тәуекелділік деңгейін және басқа да сипаттамасы бойынша әр бөлік басқарушыларының құзырлығын шектеу жүргізеді. Қазіргі отандық жағдайларда несие қоржынын басқару ерекшеліктері:

- банктердің көпшілігінде несиелеудің формалды технологияларының болмауы;

- несие қоржынының құрылымында объективті қалыптасқан сәйкессіздіктерді есепке алу қажеттілігі;

- әлеуетті қарыз алушы ұсынатын кепілдің нарықтық құнын бағалаудың тиімді әдістемелерінің болмауы;

- қарыз алушының ағымдағы қаржы-шаруашылық жағдайын бақылау бойынша нашар мүмкіндіктер;

Банк қоржынының нашар сапасы оның банкроттығына тікелей әкеледі. Ресурстар көздерін шебер басқару және оларды қолжетімді қаржы құралдары мен инвестициялау бағыттары (несиелер, бағалы қағаздар және т.б.) арасында тиімді бөлу сияқты жоғары маржаға және жоғары кірістілікке әкеп соғады.

Банктің несие қоржыны есеп айырысу кезінде қарыз алушылардың барлық санаттарына берілген несие ресурстарының жиынтығы ретінде айқындалады. Несиелік операциялар банк мекемелерінің кез келген түрі үшін дәстүрлі болып табылады, бұл активтердің жалпы сомасындағы осы қоржынның жоғары үлес салмағын (60-65% - ға дейін) және оны басқару тиімділігіне қойылатын талаптарды айқындайды.

Банктің несие қоржынын басқару бұл қаржы менеджментінің қарастырылып отырған бағыты бойынша стратегиялық мақсатты іс жүзінде іске асыруға бағытталған үрдіс- қоржынның кірістілігі мен сенімділігінің ұтымды үйлесуін қамтамасыз ету.

Қазіргі заманғы банктік несие берудің ерекшелігіне негізделген және несиелік қоржынның қалыптасу кезеңінде сапасын басқаруға әсер ететін факторларды жалпы экономикалық, банктік және әлеуметтік деп бөлуге болады [13,38-436].

Жалпы алғанда, қоржындық тәуекелді талдау бірыңғай талдаулар әдісін қолдана отырып жүзеге асырыла алмайды, қазіргі заманғы зерттеушілер тәуекелді талдау құралдарының жиынтығын ұсынады. Олар жеке және бірлесіп қолданыла алады. Бүгінгі күні тәуекелдерді бағалаудың ең танымал үлгілері негізінен корпоративтік несиелерге бағытталған көрсеткіштер: CreditMetrics, KMV, CreditPortfolioView және CreditRisk + болып табылады.

Банк ешқандай әсер ете алмайтын, бірақ ескеруі тиіс факторлар тобына мыналар жатады: жаһандану, әлемдік қаржы дағдарысы, тұтынушылардың тәуекелге бейімділігінің өсуі, қарыз алушылардың кәсіпкерлік белсенділігі



мен несие қабілеттілігі, төлем қабілеті бар клиенттер, оң несиелік тарихы бар қарыз алушылар үшін банк секторындағы бәсекелестіктің өсуі, инфляция деңгейі, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жүйесін дамытудың өмірлік циклінің фазасы.

## 2 ҚР ЕДБ несие қоржынының сапасын бағалау

### 2.1 ҚР ЕДБ несиелеу жағдайы мен несие қоржынын талдау

Нарықтық экономиканың қалыптасуының қазіргі заманғы жағдайларында, әсіресе соңғы уақытта коммерциялық банктер санының ұлғаюымен банкаралық бәсекелестік да күшейе түсуде. Осыған байланысты несие қоржынын сапасын арттыру және тиімді басқару мәселесі өзекті болып отыр. Несие қоржынының сапасының төмен болуы жұмыс істемейтін несиелер мөлшерінің көптігіне тікелей байланысты және мұндай жағдайда банк халық үшін уақытша қаражатын сақтауға сенімсіздігін арттырады. Сонымен қатар банк экономикаға инвестор ретінде қызмет атқара алмайды. Сол себепті мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп көптеген банктерді жұмыс істемейтін несиелерден тазарту арқылы несие қоржынының сапасын арттыруға септігін тигізді.

Жалпы дағдарыстан кейін ҚР Ұлттық Банкі екі жақты мақсатты: жұмыс істемейтін несиелер үлесін төмендетуді және екінші деңгейдегі банктердің несиелік қызметін жандандыруды маңызды міндет ретінде атап өтті. Банктердің несиелік қоржыны сапасының төмен болу мәселесін шешу мақсатында Ұлттық Банк мүдделі мемлекеттік органдармен және нарықтың өкілдерімен бірлесіп Екінші деңгейдегі банктер активтерінің сапасын жақсарту тұжырымдамасын әзірлеген болатын. Бұл құжат банктерден проблемалы несиелерді сатып алу және олардың құнын қалпына келтіру үшін Ұлттық Банктің 100% қатысумен Ұлттық Банктің еншілес арнайы ұйымын құруды болжайды, сол себепті 2012 жылы «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ ( ары қарай ПКҚ) құрылды. 2013 жылдың басында 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген несиелердің ең үлкен үлесі «БТА Банкі» АҚ-78,2%, «Альянс Банкі» - 46,2% және «АТФ Банк» - 42,6% болды. 90 күннен астам мерзімі өткен несиелер үлесінде «Қазкоммерцбанк» АҚ несиелік қоржынының төрттен бірін және «Қазақстан Халық банкіне» - 16,9%-ын құрады. «Альянс банк» АҚ проблемалы несиелермен жұмысты дамытып, «Үмітсіз активтерді басқару ұйымы «Альянс банк» АҚ құрды, сол ұйымға 141 млрд. теңге көлемінде жұмыс істемейтін несиелер аударылды. «Қазкоммерцбанк» және «Қазақстан Халық банкі» АҚ ҚРҰБ рұхсатымен жұмыс істемейтін несиелерді түзету үшін еншілес компаниялар құрады. 2013 жыл нәтижесі бойынша Nalyk Finance есебінде жалпы 38 банктің (2013 жыл есебі бойынша) ішінде 7 банктің 90 күннен асқан проблемалы несиелер несие қоржынының 20% құрады.

2013-2014 жылдары несиелеуге барынша агрессивті түрде қатысқан банктердің несиелеуді күрт қысқартуы байқалды. Жақсы қарыз алушыларға бәсекелестік күшейді, бұл мөлшерлемелерді төмендетумен және қарыз алушыларға талаптарды қатаңдатумен қатар туындады. Жұмыс істемейтін қарыздар деңгейінің төмендеуіне қарамастан банктер қоржынының сапасы объективтік себептерге байланысты төмен болып қалып отыр. Негізінен экономикаға несиелердің өсуі шағын және орта бизнесті жеңілдікпен қаржыландыру бойынша мемлекеттік қолдау бағдарламалары есебінен қамтамасыз етілген шағын кәсіпкерлік бөлігінде байқалды. 2014 жылы ҰБ ЕДБ -дің мерзімі өткен берешегін қысқарту бойынша бірінғай саясатты және 2014-16 жылдарға арналған банк жүйесін жетілдіру жөніндегі іс- шаралар жоспарын қабылдады. Сонымен қатар ҰБ ЕДБ несиелер қоржынындағы жұмыс істемейтін несиелер мөлшерін 15% -ға төмендетуді, 2015 жылға дейін 10% ға төмендетуді міндеттеді.

2015 жылы ЕДБ несиелер қоржынының проблемалық несиелері 1-жартыжылдықта 22% - ды құрады ( ПҚК құрылғанға дейін бұл көрсеткіш 33%-ды құраған болатын). ПҚК-ның ЕДБ-ке 250 млрд. теңге көлемінде бөлінген қаражатпен жұмыс істемейтін несиелер мөлшерін жыл соңына дейін 10%-ға төмендете алды.

2015 жылдан бастап «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы (одан әрі – Бағдарлама) 2-ші кезеңі – 2015-2020 жылдар аралығында жаңа бағдарламаларды қолдау, ШОБ мемлекеттік қолдау сияқты екі бағыт бойынша қызметі жүзеге асырылды. Бағдарламаның іске асырылуы: жаңа бизнес-бастамаларын қолдау, кәсіпкерлік секторды сауықтыруды қамтиды.

2015 -2020 жылдар аралығында бағдарламаның қызметтеріне тоқталып өтсек:

1) Борышкердің Банктерден бұрын алған несиесі (мақұлдау кезінде) және жоба мақұлданғаннан кейін туындайтын бір несиелік желісі аясындағы жаңа берешегінің пайыздық мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау.


2) Борышкерге өсімпұлын есептеместен бюджет алдындағы (мекеме ұстап қалатын жеке табыс салығынан бөлек) салық берешегін өтеу мерзімін кейінге шегеру.

3) Кәсіпорындарды қаржы-экономикалық жағынан сауықтыру жоспары аясында жақсарту, оның ішінде Қазақстан қор биржасында орналастырылған облигациялар бойынша ішкі кредиторлар алдындағы берешектері бойынша да өзге іс-шаралар т.б.

Осы бағдарлама бойынша мемлекет тарапынан ағымдағы жылға дейін көптеген қолдаулар көрсетіліп, ШОБ-ті мемлекеттік қолдау Банктерден бұрын алынған несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау арқылы көрініс тауып келеді.


Шағын бизнеске берілген қарыздардың қоржындағы үлесі 2015 жылғы 16%-дан 2016 жылы 24%-ға дейін өсті. Мемлекет шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен қаржыландыруды жалғастырды. Берілген несиелер

көлемінің бірталай өсуі шағын кәсіпкерлік сегментінде байқалып, 14%-ды құрады. Екінші жағынан, орта және ірі бизнес сегментінде несиелерді өз қаражаты есебінен беру, керісінше, -2%-ға қысқарды (1-сурет).



1-сурет- ШОБ - ға берілген несиелер үлесі  
Дереккөзі- ақша-несие статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

2016 жылғы 1-жартыжылдықта банктер елдің Шығыс, Батыс, Солтүстік және Орталық аймақтарында бөлшек сегмент бойынша, сол сияқты бизнес сегменті бойынша қарыздар беру ұсынысын қысқартты. Экспорттаушы аймақтардың салалық және экономикалық көрсеткіштерінің баяулауы оның себебі болды.



2-сурет- 2016 жылы өңірлер бойынша несиелік белсенділік  
Дереккөзі- ақша-несие статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

Өңірлер бойынша несиелік белсенділікте Астана қаласы үшін, атап айтқанда шағын бизнес субъектілері үшін қарыз берудің оң үрдісі байқалады. Бұл үрдіс, Экспо-2017 көрмесін өткізу шараларына байланысты дамыды, осы көрме алдында шағын кәсіпкерлік субъектілері сауда және қызмет көрсету салаларын дамытты. Оған қоса, банктер сату және қызмет көрсетудің балама арналарын дамыту мен оңтайландыруды атап өтуде. Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда банктер шығыстарын оңтайландыру мақсатында бөлімшелер мен қосымша үй-жайлардың санын қысқартты және бос қаражатты электрондық банктік қызмет көрсету жүйесін дамыту үшін жұмсады.

2016 жылы ақша нарығының және қорландыру талаптарының тұрақтануы аясында несиелеу нарығында аздаған жандану байқалды. Банктер ақша нарығындағы ахуалдың тұрақтануына және депозиторлардың валютадан гөрі теңгенің пайдасына қалауының өзгеруіне қарай несиелер бойынша мөлшерлемелерін төмендетті. 2016 жылдан бастап ҚР ҰБ ЕДБ несиелер қоржынының жұмыс істемейтін несиелер мөлшерін 2020 жылға дейін 10% мөлшерін сақтауды және әрбір ЕДБ несиелер қоржынының жұмыс істемейтін несиелер көлемі 10% мөлшерде нәтижесін көрсетуді міндеттеп жүктеді.

2017 жылдан бастап «жұмыс істемейтін несиелер» деген ұйымның халықаралық стандарты түсінігі енгізіліп, «жұмыс істемейтін несиелер» деген анықтама оған қайта құрылымдалған несиелерді қосу арқылы кеңейтілді. Бұл ретте, кейінгі екі жыл ішінде жұмыс істемейтін несиелердің көрсеткіші ертерек ден қою индикаторы функциясын, ал 2018 жылдан бастап пруденциялық норматив рөлін атқаруды жалғастырды. Жалпы алғанда, жұмыс істемейтін несиелер үлесін 2018 жылға таман 10%-дан аз деңгейге дейін төмендету мерзімін ауыстыру шарасы жүзеге асырылды. 2017 жылы Ұлттық Банктің қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі басымдығы банк секторын одан әрі жоспарлы түрде қалыпқа келтіру және оның қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша саясатты жалғастыру болды. Осы жұмыстың ажырамас кезеңі проблемалық қарыздарды реттеу болып табылады, олардың сапасын банктер несиелік қоржынды тазалау бойынша бұрын жүргізілген ісшараларға қарамастан қалпына келтіре алған жоқ. Сондықтан 2017 жылы Ұлттық Банк қайта құрылымдау және есептен шығару есебінен жасырын, жұмыс істемейтін қарыздарды анықтай отырып, несиелік қоржынның нақты жай-күйін анықтауға көңіл бөлді. Бұл үшін Ұлттық Банк несиелер қоржыны бойынша шығынды банктердің меншікті капиталы арқылы тікелей мойындау үшін негіздемені ұсынатын реттеуші провизияларды бағалау әдістемесін әзірлеп, байқаудан өткізді. Осы әдістеме негізінде қадағалау үрдісі шеңберінде активтердің сапасын тұрақты негізде жүйелі бағалауды пайдалану үшін капиталдан жүйелі шегеру тетігі енгізілді. Банктердің провизияларының әлеуетті тапшылығын бағалау бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша және банктерді одан әрі жүйелі түрде сауықтыру

мақсатында ҰБ банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын қабылдады.


Акционерлердің үстеме капиталдандыруға міндетті ортақ қатысуымен және мемлекет қаражатын қайтару қағидатын сақтай отырып, жүйе құраушы банкті қалыпқа келтіру және айтарлықтай әлеуметтік маңызы бар банктерге қаржылай көмек көрсету бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі болды. Нәтижесінде жиынтық меншікті капитал және банк секторының орнықтылығы ұлғайды, сондай-ақ ел экономикасын несиелеу әлеуеті кеңейді. Тұтастай алғанда 2017 жылы банктердің несиелік саясаты барынша консервативті болып қалды, несиелеудің бағалық емес талаптарын қатаңдату үрдісі сақталды. Мәселен, банктердің қаржылық жай-күйге және корпоративтік, сол сияқты бөлшек сегменттер ретінде қарыз алушыларды кепілмен қамтамасыз етуге талаптары қатаңдатылды. Бұл ретте, несиелеу талаптарының қатаңдауымен қатар банктер арасында екі сегменттегі сапалы қарыз алушылар үшін жоғары бәсекелестік жыл бойы несиелер бойынша мөлшерлемелердің төмендеуіне себепші болды. Несие төлеуге қабілетті қарыз алушылардың экономикалық белсенділігін біртіндеп қалпына келтіру аясында жаңа қарыздар беру өсті. 2017 жылы екі жыл тұралаудан кейін несиелік белсенділік өсе бастады. Оған несиені алуға қабілетті қарызалушылардың экономикалық белсенділігі біртіндеп қалпына келуі ықпал етті. 2012-2014 жылдарға қарағанда 2017 жылы көбінесе жақсы капиталданған банктер несиелеуді жүзеге асырды. 2012-2014 жылдар аралығындағы кезеңде агрессивті несиеленген барлық банктер дерлік активтерінің төмен сапасымен және несие қоржыны бойынша аздаған ақша ағынымен ерекшеленеді. Осы банктер тұрақтылығының негізгі көрсеткіштері (меншікті капиталдың жеткіліктілігі, проблемалық қарыздарға арналған провизиялар және т.б.) пруденциялық нормативтердің шегінде болды.

Проблемалық қарыздардың деңгейі 2017 жылы төмендей бастады. 2017 жылы жұмыс істемейтін қарыздардың деңгейі төмендеді және оларды провизиялармен өтеудеңгейі артты. Бұл өзгеріске 2016 жылдың соңында екі банкті (Қазинвестбанк пен Delta Bank) лицензиясынан айыру, сондай-ақ бұрын танылмаған проблемалық қарыздарды тану және кейіннен сатусебепші болды. Алайда қарыздардың қызмет көрсету бойынша ақша ағындарының төмен деңгейі және провизиялармен төмен өтелудеңгейі байқалатын белгілі бөлігі банктердің экономиканы несиелеу мүмкіндіктерін шектеуді жалғастыруда. Осындай (жұмыс істемейтін) қарыздардың ішінде негізгі үлес корпоративтік сектордың қоржынына тиесілі.

2017 жыл қорытындысы бойынша қарыздарды беру 10%-ға өсіп, 10,8 трлн. теңге болды. Бұл ретте өтеулерді есепке ала отырып, таза берілген қарыздар 846 млрд. теңге болды, ол 2016 жылғыдан 2,6 есе жоғары. Жеке тұлғаларға берілген несиелер банктердің қоржынында ірі және орта бизнеске берілген қарыздың орнын жапты. 2017 жылы экономикаға берілген несиелердің өсуі жеке сегмент есебінен қамтамасыз етілді. 2017 жылы ірі және



орта бизнеске несиелер беру 2016 жылмен салыстырғанда 7,2%-ға өсті. Сонымен қатар, қарыздарды шағын бизнеске беру көлемдерін төмендету байқалып келеді. Шағын кәсіпорындардың қоржыны бойынша берілуі 2016 жылы жоғары базаны ескере отырып, 27%-ға азайған айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыздарға негізгі төмендету тиесілі болды (3-сурет).



3-сурет- ШОБ несиелеу мөлшері  
Дереккөзі- ақша-несие статистикасы негізіндегі ҚРҰБ есептері

Соңғы жылдары Қазақстанның қаржы жүйесі түрлі дағдарысты бастан өткерді. Сол себепті тұңғыш президент 2017 жылдың басында 3-жаңғыруды жариялап, еліміздің қаржы секторын «қайта жаңғырту» қажет екенін айтып, Ұлттық банкке банк секторын қалыпқа келтіру жөнінде шаралар кешенін әзірлеуді тапсырды. Банктердің балансын тиімсіз несиелерден арылту жұмысын жеделдетіп, қажет болған жағдайда олардың капиталын акционерлер тарапынан арттыруды қамтамасыз етуді ұсынды. Банктердің ахуалына жедел бақылау орнату үшін Ұлттық банкке көбірек құқық берді. Ұлттық банк банктердің қателік жіберуін күтпей, оларға ықпал ететін шаралар қабылдау үшін формальді көзқарастан ықтимал қатерлерге жол бермейтін қадамдарға көшуге тиіс екенін атап өткен болатын. Осы жоба барысында Ұлттық банк Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық тұрақтылығын көтеру бағдарламасын қабылдаған еді. Сол бағдарлама аясында АТФ банк, Еуразиялық банк, Цесна банк, Центр кредит банк және РБК банк мемлекеттен 653 млрд теңге қолдау көрді. Осы қолдаудың нәтижесін қарастырып өткеніміз жөн. Ұлттық банк пен мемлекет бұл қаржыны үлкен пайызбен, несиеге берді және банк арқылы бизнеске қолдау көрсетіп жатыр. Банк дегеніміз – мемлекеттен бөлінген қаржыны бизнеске жеткізуші. Соның арқасында несиелеу қарқыны артады. 653 млрд теңге бөлінгенде, банк акционерлеріне тура сондай сомада қаржыны пайызбен қайтаруға міндетті. Ұлттық банк бұл бағдарламаны қабылдағанда, ол мемлекет тарапынан ғана емес, ірі банктерді акционерлер жағынан да капиталдандыруға бағытталғанын

айтқан еді. Яғни, банк 100 млрд теңге көлемінде қолдау көрсе, акционерлері соның үштен бір бөлігін 5 жыл ішінде құюы тиіс. Оған қоса, 15 жылдан соң барлық қарызды 4 пайыздық үстемақымен қайтаруы керек. Бағдарламаның талаптары бойынша, қатысушы банк 15 жылдық тәртіптелген борышты облигация шығарып, оны Ұлттық банк сатып алды. Осы облигацияларды сатудан түскен қаржы Ұлттық банк шығарған құнды қағаздар – ноталарды сатып алуға жұмсалды. Осылайша, банктер өз есепшотына салатын қаржыны қолма-қол алған жоқ. Бұл іс-шараның арқасында, реттеушінің талаптарына сәйкес, банктердің қаржылық көрсеткіштері жақсарды, ЕДБ Ұлттық банктен сатып алған ноталарын РЕПО-ға кепілге қоя алады. Яғни, біреуге қарызға беріп, қаржы тартып, өтімділікті қамтамасыз етеді. Репо деген – қысқамерзімді, өтімділігі жоғары қарыз. Банктер ақшаны қысқа мерзімге алып, несиені ұзақ мерзімге беруге мәжбүр. Сондықтан өтімділік мәселесі сақталып тұр. 2018 жылы Ұлттық Банк реттелетін банктердің балансындағы проблемалы қарыздарды анықтау және шешу бойынша жұмысын жалғастырды. Тек Банк секторының орнықтылығын арттыру бағдарламасы шеңберінде 2018 жылғы 1ші жартыжылдықта банктер 718,7 млрд. теңге үмітсіз қарыздарды есептен шығарып, күтілетін шығындарға қарсы 101,7 млрд. теңге провизиялар құрды. Ұлттық Банк «шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін», сондай-ақ «пруденциялық нормативтерді жүйелі бұзғаны үшін» үш банктің лицензиясын тоқтатты. Салыстырмалы талдау үшін банктер екі белгі бойынша бөлінді: өткен 12 ай үшін қоржынның өсуі және лицензияны қайтарып алу немесе тоқтата тұру дерегі. Өсу қарқындары бойынша банктер үш топқа бөлінді:

-бағдарламалық - бұл банк секторының орнықтылығын арттыру бағдарламасына қатысушы банктер;

-қысқаратын-2018жылғы 30 маусымда аяқталған жыл ішінде несие қоржыны қысқарған банктер;

-өспелі - аталған мерзім ішінде несие қоржыны өскен банктер.

Бағдарламалық банктер банк жүйесінің несие қоржынының 31%-ын алады. Казинвестбанк пен Delta Bank–лицензиялары қайтарып алынған сәттен бастап бұл банктер банк жүйесінің несие қоржынында есепке алынбайды және сәйкесінше олардың жүйеден шығуы 2017 және 2018 жылдары несиелік тарылуға әсерін тигізеді. Негізінде бұл банктер қоржынының маңызды бөлігі 2017 жылға дейін көп уақыт бойыжұмыс істемейтін болған және сол кезден провизияланғанболуы тиіс еді, бірақ банктердің есептілігінде бұл қарыздар стандартты ретінде есепке алынып келген. Бұл банктердің жүйеден шығуы 2017 және 2018 жылдардағы несие деңгейінің және өсуінің неғұрлым шынайы көрінісін көрсете алады.

Проблемалық қарыздарды тану және проблемалық банктерді банк жүйесінен шығару несиелеудің қысқарғанындай әсер қалдырады. Банк жүйесінің сау бөлігі тұрақты қарқынмен өсіп келеді. Баланстарды

проблемалық қарыздардан тазарту аясында банктердің несиесі қоржыны қысқарды. Банк жүйесінің несиесі қоржыны 2018ж 13,2%-ға қысқарды.

2019 жылы Банк секторы 28 екінші деңгейдегі банкпен көрініс тапты, олардың ішінде 14 банк шетелдік қатысумен, оның ішінде 12 еншілес банк болды. ЕДБ - тердің несиесі қоржынының құрылымы мен сапасын 2017 жылдан соңғы екі жылмен салыстырып, 4 - кестеде өзгерісін ұсынамыз. 2018 жылы Несиесі қоржынының ЖІӨ-дегі үлесі –28,1%-ды құрады. Бұл көрсеткіш 2017 жылы 35,0% -ды құраған болатын. 2017 жылдың 2018 жылға қарағандағы өзгерісінде Активтер құрылымындағы ең көп үлесті (жиынтық активтердің 51,4%-ы) 13590,5 млрд. теңге сомасындағы несиесі қоржыны (негізгі борыш) алады. (2017 жылдың басында –15510,8 млрд. теңге), 2017 жыл бойғы азаюы–12,4% болды, ал 2017 жыл мен 2019 жылды салыстырып көрсекте, -11,3%-ға азаюды байқаймыз.

4-кесте - Несиесі қоржынының құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.01.2018		01.01.2019		Өсімі %-бен 2017-18	Өсімі %-бен 2017-19
	млрд. теңге	жиыны %	млрд. теңге	жиыны %	млрд. теңге	жиыны %		
<b>Несиесі портфелі негізгі борыш, о.і.</b>	15 510,8	100%	13 590,5	100%	13 762,7	100%	-12,4%	-11,3%
Банктерге қарыздар	32,1	0,2%	46,30	0,3%	53,6	0,4%	44,2%	67,0%
Заңды тұлғаларға қарыздар	6553,5	42,3%	41 95,1	30,9%	3 928,0	28,5%	-36,0%	-40,1%
Жеке тұлғаларға қарыздар,	37 66,6	24,3%	42 59,1	31,3%	49 93,4	36,3%	13,1%	32,6%
Тұрғын үй салуға және сатып алуға, о.і	1107	7,1%	1 215,5	8,9%	1 427,8	10,4%	9,8%	29,0%
ипотекалық тұрғын үй қарыздары	1020,2	6,6%	1129,2	8,3%	1 330,7	9,7%	10,7%	30,4%
Тұтынушылық қарыздар	2547,5	16,4%	2955,9	21,7%	3 508,8	25,5%	16,0%	37,7%
Өзге де қарыздар	112,2	0,7%	87,7	0,6%	56,8	0,4%	-21,8%	-49,4%

4-кестенің жалғасы

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері не қарыздар	5002	32,2%	4664,5	34,3%	4 567,1	33,2%	-6,7%	-8,7%
«Кері РЕПО»	156,5	1,0%	425,5	3,1%	220,6	1,6%	171,9%	41,0%
Ескерту - ҚРҰБ деректері ресми сайтынан алынып,автормен құрастырылған								

Заңды тұлғаларға қарыздарнесие қоржынының 30,9% үлесімен 4 195,1 млрд. теңге (2017 жылдың басында – 6 553,5 млрд. теңге немесе несие қоржынының 42,3 %-ы, 2019 жылы бұл көрсеткіш -3928,0 немесе несие қоржынының 28.5 %-ы), 2017 жылдан 2018 жылға азаю –36,0% болды, ал 2 жылдан кейін 2019 жылғы есеппен салыстырғанда азаю одан әрі артып 40,1%ды құрағанын байқауға болады. 2018 жылы жеке тұлғаларға қарыздарнесие қоржынының 31,3% үлесімен 4259,1млрд. теңге, бұл көрсеткіш 2019 жылы 36,3% үлесімен 4993,4 млрд.теңге (2017 жылдың басында –3766,6 млрд. теңге немесе несие қоржынының 24,3%-ы)болды, 2018 жыл бойынша 2017 жыл бойғы ұлғаю–13,1% болды, ал 2019 жылмен салыстырғанда 32,6% құрады .Тұтынушылық қарыздар несие қоржынының 21,7% үлесімен 2955,9 млрд. теңге (2017 жылдың басында -2547,5 млрд. теңге немесе несие қоржынының 16,4%-ы), 2017 жыл бойғы ұлғаю–16,0% болды. ШОБ-қа қарыздар несие қоржынының 34,3% үлесімен 4664,5 млрд. теңге (2017 жылдың басында – 5002,0 млрд. теңге немесе несие қоржынының 32,2%-ы), 2017 жыл бойғы азаю -6,7% болды, ал 2017 жылдың 2019 жылға азаюы - 8,7% құрады.

Несие қоржынының құрылымынан кейін сапасына тоқталып өтсек, 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар көрсеткіші 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы артқанымен, 2019 жылы төмендеген. Бұл арқылы ҰБ қолға алған ЕДБ-дің жұмыс істемейтін несиелер мен мерзімі 90 күннен асқан қарыздарды төмендету шараларының нәтижесін байқауға болады (5кесте).

5- кесте - Несие қоржынының сапасы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2017		01.01.2018		01.01.2019		Өзгеріс 201718	Өзгеріс 2017-19
	млрд. теңге	жиын %	млрд. теңге	жиын %	млрд. теңге	жиын %		
<b>Банктік қарыздар, оның ішінде:</b>	15 510,8	100%	13 590,5	100%	13 762,7	100%	-12,4%	-11,3%


5-кестенің жалғасы

Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жоқ қарыздар	13 613,1	87,8%	11 600,7	85,4%	11 766,3	85,5%	-14,8%	-13,6%
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	463,8	3,0%	291,1	2,1%	504,8	3,7%	-37,2%	8,8%
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	213,8	1,4%	309,4	2,3%	350,0	2,5%	44,7%	63,7%
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	178,0	1,1%	124,0	0,9%	125,3	0,9%	-30,3%	-29,6%
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	1 042,1	6,7%	1 265,2	9,3%	1 016,3	7,4%	21,4%	-2,5%
ХҚЕС бойынша провизиялар	1 642,9	10,6%	2 083,2	15,3%	1 776,6	12,9%	26,8%	8,1%
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша провизиялар	751,9		1 128,5		762,7			
Ескерту - ҚРҰБ деректері ресми сайтынан алынып,автормен құрастырылған								

2018 жыл басынан берілген несиенің көлемі 7 триллион теңгеден асты. Өсім 26 пайызды құраған. Бүкіл банктердің несиелік қоржынының көлемі 13 триллион теңге болса, соның жартысына жуығы – биыл берілген қарыздар. Егер осы қарқын сақталса, жыл соңына дейін бүкіл несиелік қоржын жаңаланады деген сөз. Яғни, бұрын алған несиелер жабылып, несие сызылып тасталып, орнына жаңадан несие беріліп жатыр. Экономиканың бүкіл саласы

бойынша несиелеу жүріп жатыр, соның ішінде тұтынушылық несие үштен бір бөлігін құрап тұр (4-сурет). Жалпы, несиелеудің жандануы кәсіпкерлік субъектілердің даму, өркендеу болашағын көріп тұрғанын байқатады. Яғни, олар нарықта өз өнімдеріне сұраныс бар екенін байқаған соң, өнімділікті арттырып, экспорт көлемін көбейткісі келеді. Сол кезде айналымдағы қаражаттың жетіспеушілігінен несиеге жүгінеді. Банктер проблемалық қарыздарды жасыру үшін қаржылық есептілік стандарттарымен әртүрлі айла-шарғылар қолданған. Проблемалық қарыздарды уақытында танудан артта қалу себебінен нашарлау есепті кезеңде орын алғанына жалған әсер қалдырды.

2018 жылы мамыр айынан бастап қолға алынған «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру, ипотекалық тұрғын үй несиелеу бағдарламасы» несие қоржынында айтарлықтай нәтижелері байқалмады, тұрғын үй қарыз қарыздарының негізгі үлесі 2018 жылғы 1-жартыжылдықтың соңындағы жағдай бойынша Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне тиесілі және 41,7% құрады. Баспана бағдарламасы тұрғын үй қарыз қоржынына айтарлықтай әсер етпеді, себебі бағдарламаның негізгі басталуы 2018 жылғы 1-жартыжылдықтың соңына келді.



4-сурет -Несие қоржынының тұтынушылық қарыздар үлесі

Дереккөз-ҚРҰБ ресми сайтынан алынған

Несие қоржынының өсуіне тұтынушылық қарыздардың қосқан үлесі ж/ж 14,2 пт болды. Тұтынушылық қарыздардың несие қоржыны ж/ж 543 млрд. теңгеге өсті. 2018 жылғы 1-жартыжылдықта тұрғын үй қарыздарының несие қоржынының өсуіне үлесі өсуді көрсетті және ж/ж 4,1 пт құрады.

2018 жыл соңында Үкімет "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-ны "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" АҚ-ны (КРУА) қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады. Бұл ұйымдардың бірігуінің себебі: "ҚР Қаржы секторын қайта ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес экономикаға мемлекеттік қатысуды қысқарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды оңтайландыруға ықпал етеді. Яғни бұл шешім біртекті активтерді

біріктіру, қайталанатын функцияларды болдырмау, шығындарды азайту және ресурстарды шоғырландыру есебінен қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қабылданды. ПҚК өзінің негізгі миссиясын сақтап қалады - банктердің проблемалық активтерін сатып алу арқылы ұлттық экономиканы сауықтыруға жәрдемдесу, несиелер бойынша берешекті өндіріп алу және активтерді басқаруға кешенді көзқарас. Қазіргі уақытта Қор екі стратегиялық бағытта жұмыс істейді: банк секторын сауықтыру және сатып алынған жұмыс істемейтін қарыздарды экономикалық айналымға тарту.

Бірінші бағыт шеңберінде Қор банк жүйесінде несие қоржынының сапасын жақсарту мақсатында бірқатар ірі мәмілелерді жүзеге асырды. Атап айтқанда, елдің қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында қор 2017 жылғы шілдеде 2,6 трлн теңге сатып алу бағасы үшін БТА активтерін сатып алуды жүзеге асырды. Бұл мәміле жұмыс орындарын, халықтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттік компаниялардың депозиттерін сақтауға, несие берудің төмендеуінің алдын алуға, еурооблигациялар бойынша төлемдер бойынша міндеттемелерді қолдауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, еліміздің агроөнеркәсіп кешенін сауықтыру үшін ҚР Үкіметі, ҚР Ұлттық Банкі, ҚазАгро, Қор, Цеснабанк және өзге де тұлғалар арасында негіздемелік келісімге қол қойылды. Негіздемелік келісімді іске асыру Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін сауықтыру мақсатында жүзеге асырылады. 2018 жылғы 25 қыркүйекте Қор мен «Цеснабанк» АҚ арасында 450 млрд. теңге сомаға активтерді сатып алу-сату шартына қол қойылды. Осы келісімнің нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жұмыс орындарын сақтауға қол жеткізілді. Жалпы, банкті сауықтыру нәтижесінде халықтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттік компаниялардың депозиттерін 4,5 трлн. теңге ден астам сомаға сақтап қалды. Банктің 6 600-ден астам қызметкеріне жұмыс орындары сақталды. Банкті сауықтыру нәтижесінде 361 млрд. теңге сомасына банктің сыртқы міндеттемелері (еурооблигациялар) бойынша дефолт болған жоқ. Екінші бағыт аясында сатып алынған активтердің сапасын жақсарту мақсатында қарыз алушыларды сауықтыру және қарызды қайта құрылымдау арқылы олардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс - шаралар жүргізілді. Екінші бағыт шеңберінде Қор активтерді экономикалық айналымға тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бүгінгі күні Қор активтерін басқару және сату процестерін реттейтін қор активтерін басқару жөніндегі ережелер пысықталды, олардың шеңберінде Қор мүлкін сатудың ашықтығы көзделген.

Ұлттық Банктің реттеу - қадағалау функцияларын күшейту банктер активтерінің сапасына, байланысты тұлғалармен мәмілелер жүргізуге, кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды арттыруға, провизияларды бағалау бойынша тәсілді біріздендіруге бағытталады.

2018 жылы Ұлттық Банктің қаржы нарығын реттеуші және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жауапты орган ретіндегі өкілеттілігін

реттейтін заңнамалық инфрақұрылымды тұжырымдамалық қайта қарау жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

Ұлттық банк 2019 жылдан тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізді. «Тәуекелге бағдарланған» қадағалаудың мәні Ұлттық банктің мандатының кеңеюі. Жыл басынан ҰБ қаржылық реттеуші қаржы ұйымдарының жұмысына қажет жағдайда жедел араласу құқығына ие болды. Оның мақсаты – салымшылар мен кредиторлардың қаржысын сақтау үшін банктердің күмәнді іс-әрекеттерін алдын ала анықтау. Бұған дейін Ұлттық банк постфактум әрекет ететін еді. Мәселен, банк «біздің несиелік қоржынымыздың 40 пайызы жұмыс істемейді, ақша керек» деп отырады. Енді Ұлттық банк бәрін алдын ала байқап, кімге қандай несие, не үшін берілгенін, оны қалай өтеп жатқанын тексере алады. Тәуекелге бағдарланған қадағалау қаржылық қадағалаушыға банктердің дәл қазіргі жағдайына байланысты есеп-қисабын талап ету құқығын береді.

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты: әлемдік практикада, оның ішінде банктердің байланысты тұлғалармен мәмілелерін анықтау кезінде кеңінен пайдаланылатын тәуекелге бағдарланған қадағалауды және дәлелді пайымдамауды енгізу арқылы Ұлттық Банктің қадағалау функцияларының тиімділігі мен пәрменділігін күшейту; дәрменсіз банктерді анықтау, қалыпқа келтіру мен реттеу тетігінің әлеуетін кеңейту болып табылатын заң жобасын әзірлеу болып табылады.

Несие қоржынының сапасы қарыз берілген сәттен бастап оның қолданылу циклы аяқталғанға дейінгі несиелік шешімдердің сапасына байланысты. Несие қоржынының сапасы қарыздардың нашарлау белгілерін уақтылы анықтауды және олар бойынша негізделген шаралар қабылдауды қоса алғанда, қарыз берілген сәттен бастап оның қолданылу циклы аяқталғанға дейінгі несиелік шешімдердің сапасына байланысты. Несиелік қоржын бойынша зиянды тануды болашақ кезеңдерге ауыстыру капиталдың нақты деңгейіне сәйкес келмейтін тәуекелдерді қабылдауға әкеп соғады. Қорытындылай келе, несиелік шешімдердің жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін және банктік несиенің өнімді болуы және құнын жасау, сондай-ақ оны бұзбауы үшін проблемалық активтер бойынша зиянды уақтылы танудың және капиталдың ауқымды жоғалтуының алғашқы белгілері болған кезде банк жүйесінен нашар банктерді шығарудың өте қажет екенін белгілі болды.

## **2.2 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ несиелік қоржынының құрамы мен сапасын бағалау**

«Қазақстан Халық банкінің» филиалдық желісі елдің коммерциялық банктерінің арасында ең тарамдалған болып қалады және клиенттердің барлық сегменттеріне қызмет көрсететін 22 облыстық / өңірлік филиал мен 460 бөлімшеден тұрады. Банктің эквайрингтік құрылғыларының желісі 2 364



банкоматты және 576 төлем терминалдарын қамтиды, бұл 2200 банкоматпен және Қазкоммерцбанктің 593 терминалдарымен үйлесімде Қазақстандағы банктік қызмет көрсетудің дистанциялық арналарының ең дамыған желісін құрайды.

Банктің таза табысы 2017 жылы 173,46 млрд теңгені құрап, 32% - ға артты. «Қазақстан Халық банкі» АҚ ағымдағы көрсеткіштері (4Q17):

Активтер: 8 857,78 млрд теңге (+ 3 509,3 млрд теңге; +65,6%).

Міндеттемелер 7 923,32 млрд теңге (+3 240,4 млрд теңге; +69,2%).

Капитал: 934,46 млрд теңге (+268,9 млрд теңге; +40,4%).

Пайда: 173,46 млрд теңге (+42,05 млрд теңге; + 32,0%)

ҚКБ шоғырландыру нәтижесінде «Қазақстан Халық банкінің» несие қоржыны 40,2% - ға 3 251,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Несие қоржынының құрылымында қарыздардың ең үлкен көлемі - 16% тұтынушылық займдарға (бұрын 17%), 15% қызмет көрсету секторына (16%), 11% ипотекалық займдарға (бұрын 7%) келеді және шамамен сонша көтерме сауда секторына займдарға (бұрын 15%) келеді. 2017 жылдың 31 желтоқсанында топ 617,14 млрд теңге сомаға он ірі клиент бойынша қарыз шоғырландырылды. 2015 жылғы 31 Желтоқсанда – 512,13 млрд теңге, 21% және топ капиталының 66% (2016 жылғы 31 Желтоқсанда – 74%, 2015 жылғы 31 Желтоқсанда – 97%).

ҚРҰБ (01.03.18) өзекті есептілігіне сәйкес жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі Налуқ 7,88% - ды, ал Qazkom 32,03% - ды (жиынтық қоржында 16,5%) құрайды. ҚЕХС талаптарына сәйкес несиелік несие бойынша қалыптастырылған провизиялар 1 149,65 млрд теңгені немесе NPL (90+) 170,8% - ды құрайды. «Қазақстан Халық банкі» аудиттелген есебінде несие қоржынының құнсыздануына арналған резерв сомасы 317,16 млрд теңгені құрайды.

Банк капиталының 268,87 млрд теңгеге артуы негізінен бөлінбеген пайда резервінің (+197,61 млрд теңге) өсуі және 72,44 млрд теңге көлеміндегі бақыланбайтын капитал үлесінің пайда болуы есебінен болды. Бұл ретте акционерлік капитал өзгерген жоқ және 143,70 млрд теңгені құрайды, 01.02.2018 ж. жағдай бойынша банк реттеуші белгілеген барлық пруденциялық нормативтерді орындады (6-кесте).

6-кесте - «Қазақстан Халық банкінің» пруденциялды нормативті орындауы 2017 және 2018 жылдар:

	31.12.2017	31.12.2018
K1, >0,075	0,202	0,21
K2, >0,10	0,201	0,21
K3, >0,10	0,143	0,195
K4, >0,30	1,51	1,45
K4-1 >1,00	3,499	3,496
K5-2, >0,90	2,578	2,555
Ескерту – автормен құрастырылған		

Соңғы рейтингтік іс-әрекеттердің ішінен 2017 жылғы 22 желтоқсанда S&P Global Ratings «Қазақстан Халық банкі» АҚ ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелік рейтингтерін "BB/"деңгейінде растады. Болжам - "Теріс". Сонымен қатар, банктің ұлттық шкала бойынша рейтингі "kzA"деңгейінде расталды. Бұдан басқа, агенттік ұзақ мерзімді "B+" несиелік рейтингін және "Казкоммерцбанк" АҚ-ның "kzBBB -" ұлттық шкала бойынша рейтингін CreditWatch Positive тізіміне орналастырды.


ККБ қысқа мерзімді несиелік рейтингі "B"деңгейінде расталды. "Қазкоммерцбанкке қатысты рейтингтік іс-қимыл 2017 жылғы 15 желтоқсанда «Қазақстан Халық банкі» басшылығының ККБ-ны топқа қосу жөніндегі мәмілені Директорлар кеңесінің мақұлдауы туралы хабарлауынан кейін болды. Келісім 2018 жылдың екінші жартысында аяқталады деп күтілуде, қазіргі уақытта оны іске асыру үшін реттеуші органдарды мақұлдау, сондай-ақ бірқатар қосымша корпоративтік рәсімдерді өткізу талап етіледі. «Қазақстан Халық банкі» "күшті" ретіндегі бизнес-позициясын бағалау, бір жағынан, оның Қазақстанның банк секторындағы көшбасшы жағдайын, бизнестің жоғары әртараптандырылуын, тәжірибелік басқару командасының болуын және экономикалық цикл ішіндегі тұрақты көрсеткіштерді, ал екінші жағынан — өткен жылдары қалыптасқан проблемалы несиелердің едәуір көлемімен ауыртпалық салынған ҚКБ сатып алған кірігуіне байланысты тәуекелдерді көрсетеді", - делінген рейтинг агенттігінің есебінде.

«Қазақстан Халық банкі» активтері, депозиттік база және клиенттерге берілген заемдардың көлемі бойынша көшбасшылық позицияларға ие, бұл ретте жыл сайын, соңғы жеті жыл ішінде, Банктің таза пайдасы сектор бойынша жиынтықты пайданың 30%-нан жоғары (көрсеткіштің теріс мәні бар ЕДБ-ті есепке алмай) және Банк осы көрсеткіш бойынша бірінші орынға тұрақты түрде ие болып отыр. Банк жұмыс істемейтін несиелердің деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар кешені жүзеге асырды, NPL 90+ және резервілеу мөлшерлемесінің (ХҚЕС) деңгейін төмендетуге қол жеткізді. Казкоммен бірігу басталатын сәтте Банктің несие қоржынының сапасы қандай да бір қауіпсіздік тудырмады, себебі ол жақсы провизияланған. «Қазақстан Халық банкі» мемлекеттік және шетелдік қатысусыз екінші деңгейдегі қазақстандық банктер арасында үздік халықаралық рейтингтерге ие. Жоғары халықаралық рейтингтерге сондай-ақ Қазақстанның және де басқа елдердің қаржы нарықтарында жұмыс істейтін Банктің еншілес ұйымдары да ие. 2018 жылғы 24 сәуірде «Қазақстан Халық банкі» China CITIC Bank Corporation Limited 50,1% көлемінде және China Shuangwei Investment Co., Ltd. 9,9% көлемінде қытайлық инвесторларға «Altyn Bank» акционерлік капиталындағы 60% үлесті сату бойынша мәмілені аяқтады. Бұл «Халық» тобы үшін бірегей және стратегиялық маңызды мәміле ірі институциялық шетелдік инвесторлар тарапынан қызығушылықты сақтаудың куәсі ретінде Қазақстанның банк секторы үшін жағымды оқиға болды. Қазақстан мен Қытайдың ең ірі банктері арасындағы стратегиялық альянс Топтың банктік технологиялар саласындағы

мүмкіндіктерді кеңейтеді және Қазақстанда жұмыс істейтін негізгі қытай клиенттерді тартуға мүмкіндік береді.

Клиенттерге қарыздар: 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге қарыздар, құнсыздану резервтерін шегергенге дейін 1,640,206 миллион теңге мөлшерінде ҚКБ несиелерін қамтыды. Клиенттерге қарыздар бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме клиенттерге қарыздардың орташа айлық балансына бөлінген бір жыл ішіндегі несиелік қоржын бойынша пайыздық кіріс сомасы ретінде есептеледі. 2017 жылғы 31 желтоқсанға несиелік қоржын бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме 13.0% құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан – 13.0% 2015 жылғы 31 желтоқсан – 12.5%). 31 желтоқсан 2017 ж., топ 617,144 миллион теңге сомаға он ең ірі клиент бойынша қарыз шоғырланды, топтың жиынтық несиелік қоржынның 17% - ын құрады (2016 ж. 31 Желтоқсанда-494,953 миллион теңге, 19% 2015 ж. 31 желтоқсан – 512,128 миллион теңге, 21%) және 66% топ капиталынан (2016 ж. 31 желтоқсан – 74%, 2015 ж. 31 желтоқсан-97%) 2017 жылғы 31 Желтоқсанда жоғарыда көрсетілген қарыздар бойынша 56,807 миллион теңге мөлшерінде құнсыздануға резерв құрылды (2016 жылғы 31 желтоқсан – 49,762 миллион теңге, 2015 жылғы 31 желтоқсан – 60,965 миллион теңге). Осы қарыздар жалақы жобалары шеңберінде компания қызметкерлерінен болашақта түсетін ақшалай қаражатпен қамтамасыз етілген.

Несиелік қоржын ҚР Ұлттық банкінің деректеріне сәйкес «Қазақстан Халық банкі» АҚ ЕДБ несиелік қоржыны 2018 жылдың 1 қаңтарына 2 650 млрд.теңгені құрады. Төлем мерзімі өтіп кеткен несиелер несиелік қоржынының жалпы көлемінің 10,0% - ын алады, оның ішінде 7,56% - ы 90 күннен астам төлем мерзімі өтіп кеткен несиелер болып табылады. 2017 жылдың басынан бастап несиелік қоржынның жағдайы жақсарды, провизиялау деңгейі нарық бойынша орташа көрсеткішпен (164,7%) салыстырғанда барабар деңгейде (132%) тұр. Бұл көрсеткіштер төмендегі кестеде көрсетілген.



5-сурет – Проблемалық несиелер мен провизиялар көрсеткіштері

Ескерту - ҚРҰБ деректері және «Қазақстан Халық банкінің» ресми сайтынан алынып, автормен құрастырылған

Эмитенттің төлем мерзімі өтіп кеткен несиелер деңгейі (+90 күн) 7,56% құрайды, бұл нарық бойынша орташа көрсеткіштен төмен (9,31%). Провизиялау деңгейі немесе қалыптастырылған провизиялардың төлем мерзімі 90 күннен астам несиелерге арақатынасы 132% - ды құрайды, бұл сондай-ақ нарық бойынша орташа көрсеткіштен төмен (164,7%) (6-сурет).



6-сурет – Проблемалық несиелер

Ескерту - ҚРҰБ деректері

2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша клиенттерге қарыздар құнсыздану резервтерін шегергенге дейін 1,733,406 миллион теңге мөлшеріндегі КБ несиелерін қамтыды. Осы несиелер төмендегі кестеде 952,540 миллион теңге мөлшеріндегі провизияларды шегере отырып берілген. Клиенттердің заемдары бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме клиенттерге берілген заемдардың орташа айлық балансына бөлінген несиелік қоржын бойынша пайыздық кіріс ретінде есептеледі. 2018 жылғы 31 желтоқсанда несие қоржынның орташа пайыздық мөлшерлемесі 12,6% -ды құрады (2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін - 13,0%). 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ Топтың жалпы несие қоржынының 17% -ын (2017 жылғы 31 желтоқсанда – 494 953 млн. теңге, 19%) және Топтың капиталының 69% -ын ескере отырып, 571 382 млн. теңге мөлшерінде он ірі клиент үшін несиелердің шоғырлануына ие болды (2017 жылғы 31 желтоқсан - 74%).

7-кесте – Клиенттерге қарыздар:

Көрініс ретінде заемдар және дебиторлық берешек ҚЕХС-қа сәйкес 39:	31.12.2018	31.12.2017
Клиенттерге берілген несиелер	3 391 950	2 602 381
Овердрафттар	21 230	1 954
Барлығы	3 413 180	2 604 335
Қарыздардың арналған құнсыздануына резерв	(290 110)	(284 752)
Клиенттерге қарыздар	3 123 070	2 319 583
Ескерту-мәліметтер «Қазақстан Халық Банкінің» ресми сайтынан алынып, авторлармен құрастырылған.		

2018 жылғы 31 желтоқсанда осы заемдар бойынша 55 773 млн. теңге мөлшерінде құнсыздану резерві белгіленді (2017 жылғы 31 желтоқсан - 49,762 млн. теңге).

«Қазақстан Халық банкі» жұмыс істейтін клиенттерге экономиканың әртүрлі секторлары бойынша несиелер бөледі.

8-кесте - 2018 жылдың 31 желтоқсанында және 2017 жылғы 31 желтоқсан экономиканың келесі секторларында жұмыс істейтін клиенттерге несиелер берілді:

Бөлшек несиелер	31 желтоқсан 2018ж.	%	31 желтоқсан 2017ж.	%
тұтынушылық несиелер	679 918	19%	679 674	19%
ипотекалық несиелер	256 124	7%	265 454	8%
Барлығы	936 042		945 128	
Қызметтер	570 003	16%	527 618	15%
Көтермесауда	384 841	11%	376 064	11%
Құрылыс	294 533	8%	282 412	8%
Бөлшексауда	183 325	5%	185 733	5%
Жылжымайтын мүлік	173 568	5%	174 221	5%
Ауыл шаруашылығы	143 697	4%	150 186	4%
Металлургия	143 334	4%	153 761	4%
Көлік құралдары	141 642	4%	131 843	4%

## 8-кестенің жалғасы

Энергетикалық өнеркәсіп	89 913	3%	95 838	3%
Тағам өнеркәсібі	75 652	2%	78 417	2%
Қаржы секторы	75 539	2%	83 193	2%
Тау-кен өнеркәсібі	61 311	2%	63 555	2%
Қонақ үй бизнесі	61 133	2%	63 241	2%
Мұнай және газ	56 198	2%	73 620	2%
Химиялық өнеркәсіп	37 753	1%	38 036	1%
Қосылым	37 601	1%	49 731	1%
Машина жасау	333 278	1%	33 377	1%
Жеңіл өнеркәсіп	18 102	0%	17 255	0%
Басқа	46 881	1%	45 034	1%
Барлығы	3 564 346	100%	3 568 263	100%
Ескерту-мәліметтер «Қазақстан Халық Банкінің» ресми сайтынан алынып,авторлармен құрастырылған.				

31 желтоқсан 2018ж. қарыздар бойынша есептелген пайыздардың сомасы 147 028 миллион теңгені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсан - 145,535 миллион теңге).

2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры»АҚ-ның қарыздары жылына 1,0- 4,5% ставка бойынша 77 431 млн. теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан - 36 367 млн. теңге) 2034-2035 жж мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі бар. Қарыздар белгілі бір салалардың шағын және орта кәсіпорындарын («ШОБ») қаржыландыру үшін Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес алынды. ДАМУ мен топ арасындағы қарыз шартына сәйкес Топ 10 жылдан аспайтын өтеу мерзімімен 6.0% ставка бойынша Бағдарламаға қатысуға құқығы бар ШОБ қарыз алушыларына несие беру үшін жауапты болады.2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ ("ҚДБ") қарыздары 2034-2035 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 2.0% ставка бойынша 16 000 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан – 16 000 миллион теңге) мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыздарды қамтыды, қарыздар өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін ірі кәсіпкерлік субъектілеріне кейіннен несие беру үшін пайдаланылуы тиіс,сондай – ақ 5 300 миллион теңге мөлшерінде 2035 ж. өтеу мерзімімен жылдық топтың бөлшек клиенттерінің автомашиналарды сатып алуын қаржыландыру үшін.ҚДБ мен топ арасындағы қарыз шартына сәйкес топ бағдарламаға қатысуға құқығы бар корпоративтік кәсіпкерлік қарыз алушыларына өтеу мерзімі 10 жылдан аспайтын 6.0% ставка бойынша, сондай-ақ өтеу мерзімі 5 жылдан аспайтын 4% ставка бойынша бөлшек бизнес қарыз алушыларына несиелер бергені үшін жауапты болады.2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша "ҚазАгро" Ұлттық басқарушы холдингі"АҚ қарыздары 2022 жылғы өтеу мерзімімен

жылдық 3.0% ставка бойынша 4 104 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан -38 483 миллион теңге) мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыздарды қамтыды. Қарыздар 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға, құрылыс-монтаж жұмыстарына, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтардың лизингі үшін пайда болған ауыл шаруашылығы секторы Банкі қарыз алушыларының несиелік/лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру мақсаттарына пайдаланылуы тиіс.

2018 жылғы 31 желтоқсан және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге қарыздар құрамына талаптары 365 933 миллион және 340 445 миллион теңге сомасына қайта қаралған қарыздар енгізілді, тиісінше, бұл ретте өзге жағдайда осы қарыздар мерзімі өткен немесе құнсызданған болар еді.

9-кесте – Несиелік мекемелердің қаражаттарына төмендегілер кіреді:

Амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі:	30 желтоқсан 2017ж. (млн.тг)	31 желтоқсан 2016ж. (млн.тг)
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры »АҚ-ның қарыздары	70 080	36 552
Корреспонденттік шоттар	24 025	27 882
"Қазақстанның Даму Банкі" АҚ қарыздары	21 367	21 372
Қазақстандық банктердің несиелері мен депозиттері (овернайт депозиттерін қосқанда)	21 039	21 924
«ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі АҚның қарыздары	4 109	38 534
ЭБДҰ-ға мүше емес елдер банктерінің қарыздары мен салымдары	3 444	7 109
Өзге қаржы мекемелерінен қарыздар	2 402	2 903
ЭБДҰ-ға мүше болып табылатын елдер банктерінің қарыздары мен салымдары	426	5 858
Барлығы	154 892	162 134
Ескерту-мәліметтер «Қазақстан Халық Банкінің» ресми сайтынан алынып, авторлармен құрастырылған.		

Несиелік/лизингтік міндеттемелерді қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру 2022 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей өтеу мерзімімен жылдық 6.0% - 7.0% ставка бойынша беріледі. 3 шілде 2017 ж. топ ҚазАгро қаржыландыру бағдарламасынан бірқатар қарыздарды алып тастау түріне 31 873 миллион теңге мөлшерінде ҚазАгро берешектерін мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді. Топ басшылығы қандай да бір басқа да осындай қаржы

құралдарының болмауы және ерекше сипатқа байланысты осы қарыздар ҚазАгро, ДАМУ және ҚДБ-дан КБ, ШОБ және БР несиелеу нарығындағы жеке сегменттерді білдіреді деп санайды. Нәтижесінде, осы қарыздар стандартты мәміле шеңберінде алынды және олар тану күніндегі әділ құн бойынша көрсетілді.

10-кесте – Үлес берілген пайыздық мөлшерлемелер және несиелік мекемелердің қаражатын өтеу мерзімдері

Мекемелер түрлері:	31 желтоқсан 2017ж.		31 желтоқсан 2016ж.	
	Пайыздық мөлшерлеме,%	өтеу мерзімі,жыл	Пайыздық мөлшерлеме,%	өтеу мерзімі,жыл
Қазақстан банктерінің несиелері мен депозиттері (РЕПО келісімдері бойынша несиелер)	1,0%-9,5%	2018	8,8%-11,1%	2017
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның несиелері	1,0-4,5%	2018-2035	2,0%	2017-2035
"Қазақстанның Даму Банкі" АҚ қарыздары	1,0%-7,9%	2019-2035	1,0%-2,0%	2034-2035
«ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі АҚның қарыздары	3,0%	2022	3,0%	2019-2022
ЭЫДҰ-ға мүше емес елдер банктерінің қарыздары мен салымдары	1,0%-9,5%	2018-2022	1,0%-10,0%	2017-2021
Өзге қаржы мекемелерінен қарыздары	10,0%	2023	5,0%-10,0%	2017-2023
ЭЫДҰ-ға мүше емес елдер банктерінің қарыздары мен салымдары	3,1%	2018	2,6%-6,5%	2017-2023
Ескерту-мәліметтер «Қазақстан Халық Банкінің» ресми сайтынан алынып,авторлармен құрастырылған.				

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның (бұдан әрі - «ҚДБ») қарыздары 32 012 млн. теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан - 16 000 млн. теңге, 2015 жылғы 31 желтоқсан - 16 000 млн. теңге) 2019-2035 жж. өтеу мерзімі бар жылдық 2,0% -7,9% мөлшерінде, несиелер қайта өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін ірі кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі - «КБ») кейіннен несиелендіру үшін пайдаланылуы тиіс, сондай – ақ топтың бөлшек клиенттерінің автомашиналарды сатып алуын қаржыландыру үшін жылдық 1.0% ставка бойынша 5,300 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсан



– 5 300 миллион теңге, 2015 жылғы 31 желтоқсан-3 300 миллион теңге) мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыздар. ҚДБ мен топ арасындағы қарыз шартына сәйкес топ бағдарламаға қатысуға құқығы бар корпоративтік кәсіпкерлік қарыз алушыларына өтеу мерзімі 10 жылдан аспайтын 6.0% ставка бойынша, сондай-ақ өтеу мерзімі 5 жылдан аспайтын 4.0% ставка бойынша бөлшек бизнес қарыз алушыларына несиелер бергені үшін жауапты болады.

2017 жылғы 31 желтоқсанға "ҚазАгро" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ ("ҚазАгро") қарыздары 2022 жылғы өтеу мерзімімен жылдық 3.0% ставка бойынша 3 865 миллион теңге (2016 жылғы 31 Желтоқсанда – 38 483 миллион теңге, 2015 жылғы 31 Желтоқсанда – 41 810 миллион теңге) мөлшерінде ұзақ мерзімді қарызды қамтыды. Қарыз 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға, құрылыс-монтаж жұмыстарына, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтардың лизингі үшін пайда болған ауыл шаруашылығы секторы Банкі қарыз алушыларының несиелік/лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру мақсатына пайдаланылуы тиіс. Несиелік лизингтік міндеттемелерді қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру 2022 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей өтеу мерзімімен жылдық 6.0% - 7.0% ставка бойынша беріледі.

3 шілде 2017 ж.топ ҚазАгро қаржыландыру бағдарламасынан бірқатар қарыздарды алып тастау түріне 31,873 миллион теңге мөлшерінде ҚазАгро берешектерін мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді.

Топ басшылығы қандай да бір осындай қаржы құралдары жоқ деп санайды және ерекше сипатқа байланысты бұл қарыздар ДАМУ, ҚазАгро және ҚДБ-дан ШОБ-қа несие беру нарығында жеке сегменттерді ұсынады. Нәтижесінде ДАМУ, ҚазАгро және ҚДБ қарыздары әдеттегі мәміле шеңберінде алынды және мойындалған күнгі әділ құн бойынша көрсетілді.

«Қазақстан Халық банкі» активтері құрылымының тиімділігі бұрынғысынша төмен болып қалуда. 2017 жылдың 31 наурызында өтімді активтер активтердің шамамен 51,1% - ын құрады, ал клиенттерге несиелер активтер құрылымында тек 43% - ды құрады. Бұл факт банк активтерінің кірістілігіне теріс әсер етеді.

Қорытындылай келе, «Қазақстан Халық банкі»ҚРҰБ деректері бойынша 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 5 021 млрд.теңге мөлшеріндегі жалпы активтермен Қазақстандағы ірі ЕДБ болып табылады. Барлық ЕДБ жалпы активтерінен банк активтерінің үлесі 20,7% құрайды.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша эмитент капитал жеткіліктілігі және өтімділік бойынша реттеуіштің нормативтік талаптарын орындады.

Біздің пікірімізше, Эмитенттің 2017 жылдың 12 айындағы қаржылық нәтижелері тұрақты болып табылады және оң сипатқа ие. Эмитенттің таза табысы 2018 жылдың 12 айында 24.9% - ға артып, 151 251 млн. теңгені құрады.

Меншікті рентабельділігі 2017 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша 22.03 құрады.

Эмитенттің төлем мерзімін өткізіп алған несиелер деңгейі (+90 күн) нарық бойынша орташа көрсеткіштен төмен (9,31%). Провизиялау деңгейі немесе қалыптастырылған провизиялардың төлем мерзімі 90 күннен астам несиелерге арақатынасы 132% - ды құрайды, бұл нарық бойынша орташа көрсеткіштен төмен (164%). Жыл басынан бері несие қоржынының сапасы жақсарды, ал несие қоржынының өзі (нетто) 11.9% - ға артты.

Эмитент өзінің қысқа мерзімді міндеттемелеріне қызмет көрсете алады деп есептейміз. Эмитент айтарлықтай қоры бар капиталдың жеткіліктілігі және өтімділік бойынша реттеуіштің нормативтік талаптарын орындайды.

2018 жылғы 31 желтоқсан және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге қарыздар құрамына талаптары 365 933 миллион және 340 445 миллион теңге сомасына қайта қаралған қарыздар енгізілді, тиісінше, бұл ретте өзге жағдайда осы қарыздар мерзімі өткен немесе құнсызданған болар еді. Эмитенттің қаржылық есептілігі деректерін, сондай-ақ ҚР ҰБ эмитентке қатысты мәліметтерін талдау негізінде біз 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде эмитенттің қаржылық жағдайы тұрақты болып табылады деген пікірге келдік. Сондай-ақ, эмитент Проблемалы несиелер бойынша провизиялардың барабар деңгейі бар өтімді активтердің жеткілікті қорына ие екенін атап өткен жөн.

### 3. ҚР ЕДБ несиелік қоржынын сапасын көтеру жолдары

Несиелік қоржынды басқаруды жетілдіру жолдарын іздестіру - қазіргі таңда, ҚР-ның несиелеу жүйесінде маңызы өте зор. Біріншіден, еліміздің өтпелі кезеңінде несиелеу жүйесінде қалыптасқан проблемаларды нақты деректерге сүйене отырып көре алу, яғни еліміздің тәжірибесіздігіне сілтемей, кемшіліктерді атап көрсету маңызды. Екіншіден, сол мәселені шешу жолдарын қарастырудың, нақты ұсыныстардың несиелеу жүйесін жетілдіруде орны ерекше. Оңтайлы несиелік қоржынды құру үшін банк өзіне маңызды және сәйкес несиелік саясат құру керек, яғни нарықтық сараланымды дұрыс таңдау және қызмет құрылымын анықтау болып табылады. Сонымен қатар, несиелік қоржынның сапасына көңіл аудару керек. Несиелік қоржында банкке табыс алып келетін негізгі және приоритетті активтер болуы керек. Сонымен қатар, банкпен берілген несиелердің белгілі бір үлесі қайтарымсыз болуы мүмкін, ол қорытынды қаржылық нәтижесіне теріс әсерін тигізеді. Соған байланысты бір банктің банкротқа ұшырауы, салымшылардың барлық банктік жүйеге деген сенімдерінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Отандық банктік несиелеу жүйесінің даму мәселелері, олардың ішінде мерзімі өткен берешектің және үмітсіз несиелердің көлемінің өсуі,

коммерциялық банктердің несиелік қоржын сапасының төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар, банктік несиелеудің даму қарқыны көрсетіп отырғандай, көп деген банктер экономиканың дағдарыстан кейін даму жағдайында өздерінің бәсекелестігін ұстап отыру мақсатында берілетін несиенің көлемін ұлғайтуда. Қаржы дағдарысы отандық банктік несие беру жүйесін дамыту проблемаларын шиеленістірді, олардың ішінде мерзімі өткен берешектің және несиелер көлемінің өсуі елеулі мәнге ие, бұл коммерциялық банктің несие қоржынының сапасының төмендеуіне әкеп соғады. Сонымен қатар, банктік несиелеу үрдістерін талдау экономиканың дағдарыстан кейінгі дамуы жағдайында банктердің көпшілігі өзінің бәсекеге қабілеттілігін қолдау үшін берілген несиелердің көлемін олардың қайтарылмау тәуекелі сақталып отырған жағдайда ұлғайтуды жалғастыруда.

Екінші деңгейлі банктердің оңтайлы несиелік портфелін құру үшін қарыз алушының несиелік қабілеттілігін талдау өте маңызды фактор болып табылады. Қарыз алушының несиелік қабілеттілігі бұл – қарыз алушының алған ссудасы бойынша қарызды уақтылы және толық көлемде қайтару қабілеттігін бағалаумен сипатталады. Несиені қайтара алмау тәуекелі көптеген факторлардың әсерінен болуы мүмкін, сондықтан да, банк клиентке несие беруге шешім қабылдаудан бұрын оның несиелік қабілеттілігін талдайды. Бұл көрсеткіш банктің өтімділігіне ықпал етеді.

Қарыз алушының несиелік қабілеттілігіне талдау жасау барысында мынадай факторлар есепке алынады.

1) Несиеге қатысты қабілеттілігі. Қарыз алушыға ссуданы бере отырып, қарыз алушының атынан шығатын тұлғаның құқықтық қуатын анықтайтын Жарғысы және нұсқауымен танысуға тиіс.

2) Қарыз алушының іскерлік беделі. Несиелік мәмілеге тиісті беделі деп – қарыз алушының қарызды қайтаруға дайындығын ғана түсінбейді, сондайақ келісімшартқа байланысты барлық міндеттемелерді орындауы түсіндіріледі.

3) Табыс алу қабілеті. Банк қарыз алушының ссуданы қайтаруға жеткілікті қаражатты табу қабілетіне баға беруі қажет.

Қарыз алушының табыс алу қабілеттілігін анықтау барысында сату көлеміне, баға шығындарына, шығыстарға әсер ететін факторлар есепке алынады. Бұл факторларға: қарыз алушы кәсіпорынның орналасқан жері, оның тауарлары мен қызметтерінің сапасы, шикізат құны, қызметкерлерінің біліктілігі жатады. Несиелеудегі шетелдік тәжірибеде бұл факторларға қоса жарнамалау тиімділігі, бәсеке сияқты факторлар ескеріледі.

Қазіргі уақытта еліміздің несие нарығы жоғары қарқынмен дамып, кемелдену дәрежесіне жетті деуге болады. Несие нарығының дамуының бірден бір себебі – депозиттерді сақтандыру жүйесінің құрылуы болып табылады. Бұл жүйенің қалыптасуы халықтың банк жүйесіне деген сенімін арттыра түсіп, банк қарамағында қаржы ресурстарының шоғырлануына ықпал етті.

Несиелік қоржынның сапасын басқару кірістіліктің, өтімділіктің және қарыз алушылардың несиелік қабілеттілігін объективті бағалау, несиелік бойынша ықтимал шығындарға резервтердің несиелік қоржынының сапасына барабар қалыптастыру негізінде банк үшін қолайлы несиелік тәуекелдің ымырасын қамтамасыз етеді, сондай-ақ нарықтық жағдайларда банктердің тұрақты экономикалық өсуіне қол жеткізуде елеулі фактор болып табылады. Осының салдарынан банктік қарыз алудың жоғары қарқыны қазіргі уақытта банктердің қаржылық тұрақтылығына және олардың қызметінің тиімділігіне оның әсер ету ерекшеліктерін зерделеу негізінде несиелік қоржынның сапасын басқаруды жетілдіру қажеттілігін күшейтеді, бұл қазіргі заманғы банктердің бәсекеге қабілеттілігі мен жұмыс істеу қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Коммерциялық банктің оңтайлы несиелік қоржыны — бұл несиелік ресурстарды шоғырландыру және бөлу берілген несиелер мерзімі мен сомасы бойынша қолда бар несиелік ресурстарға сәйкес келетін, олар бойынша кірістілік деңгейі осы шарттарда барынша мүмкін болып табылатын, ал тәуекел дәрежесі ең төменгі рұқсат етілген деңгейге түсетін осындай несиелік қоржын. Оңтайлы несиелік қоржынның қалыптастыру — банк қызметінің негізгі міндеттері мен басты мәселелерінің бірі.

Оңтайлы несиелік қоржынның қалыптастыруды бес кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- 1) несиелік сұранысына және ұсынысына әсер ететін факторларды талдау;
- 2) коммерциялық банктің несиелік әлеуетін қалыптастыру;
- 3) несиелік әлеуетінің құрылымы мен берілген несиелердің келісілуін қамтамасыз ету;
- 4) әр түрлі негізде берілген несиелерді талдау;
- 5) несиелік қоржынның тиімділігі мен сапасын бағалау, банктің несиелік қоржынның жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу.

Бірінші кезеңде талдауды банк жұмыс істейтін өңірлік нарықтарды ескере отырып, банктің талдау қызметтері жүзеге асырады. Бұл банк конъюнктурасының өзгерістерін уақытылы ұстауға және несиелік тәуекелді төмендету және несиелік беру кірістілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Банктің несиелік операцияларына әсер ететін факторларды талдау неғұрлым жетілдірілген несиелік қоржын қалыптастыруға, қазіргі сәтте неғұрлым тәуекелді несиелік операцияларды анықтауға және тәуекел деңгейін төмендетуге мүмкіндік беретін іс-шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Оңтайлы несиелік қоржынды қалыптастырудың екінші сатысы қаражат көздері және олардың шұғылдығы бойынша банктің несиелік әлеуетінің құрылымын анықтаумен сипатталады. Бұл жағдайда несиелік әлеует қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелік әлеуеттердің сомасы ретінде қарастырылады.

Қысқа мерзімді әлеует заңды тұлғалардың қаражатынан (есеп айырысу, ағымдағы шоттардағы қаражат, бір жылға дейінгі депозиттер); жеке тұлғалардың қаражатынан (талап ету бойынша салымдар, бір жылға дейінгі салымдар мен депозиттер); коммерциялық емес құрылымдардың қаражатынан (шоттардағы қалдықтар, бір жылға дейінгі депозиттер); банкаралық несиелер мен корреспонденттік шоттардағы қаражаттан (корреспонденттік шоттардағы қаражат, бір жылға дейінгі мерзімге қарыздар); бағалы қағаздар арқылы жинақталған қаражат (бір жылға дейінгі айналыс мерзімімен қысқа).

Ұзақ мерзімді несиелік әлеует қысқа мерзімді сияқты заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың, коммерциялық емес құрылымдардың, банкаралық несиелердің, корреспонденттік шоттардағы қаражаттың және бағалы қағаздардың сомасы болып табылады, алайда жоғарыда аталған барлық пассивтердің ұзақ мерзімді сипаты бар, яғни бір жылдан астам жарамды. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерде коммерциялық банктің несиелік әлеуетін талдау банктің өтімділікті бұзбай несиенің қандай да бір түрлерін дамыту бойынша әлеуетті мүмкіндіктерін бағалау үшін пайдаланылады.

Келесі, үшінші, оңтайлы несиелік қоржынды қалыптастыру кезеңі несиелік әлеуеттің және несиелік қоржынның теңгерімділігін талдайды. Әдетте, банктер орта мерзімді және ұзақ мерзімді несие әлеуетінің жетіспеушілігіне тап болады. Несиелік әлеует пен несиелік қоржын тепетең болмаған кезде (мысалы, осы жеделділіктің несиелік ресурстары жетіспеген кезде) банк оған қажетті қаражат көздерін табуға тиіс (мысалы, ұзақ мерзімді қаражатты тарту, банкаралық несиелер нарығына жүгіну, қосымша ұзақ мерзімді бағалы қағаздар шығару, меншікті капиталды кеңейту мүмкіндіктерін талдау). Ұзақ мерзімді несиелік әлеует жетіспеген және оны толықтыру көздерін іздестіру мүмкін болмаған кезде банктер қысқа мерзімді әлеуетті ұзақ мерзімді әлеуетке ауыстыруға мәжбүр, бұл өз кезегінде Банк өтімділігімен проблемалар туғызады.

Егер несиелік әлеует несиелік қоржын көлемінен асып кетсе, банк несиелік ресурстарды қайта бөле алады және оларды басқа белсенді операцияларда (бағалы қағаздармен, валюталық операцияларда және т.б.) пайдалана алады.

Төртінші кезеңде берілген несиелерге әртүрлі белгілер бойынша талдау жүргізіледі. Мұндай белгілер ретінде несиелерді өтеу мерзімдері, өтеу сипаты, қарыз алушының санаттары бойынша, пайыздарды алу әдісі бойынша, несиелерді қамтамасыз ету сипаты бойынша, несиелер нысаны бойынша, кірістілігі бойынша, тәуекел деңгейі бойынша және т. б. пайдаланылуы мүмкін. Берілген несиелерді көрсетілген белгілер бойынша талдау коммерциялық банкте бар несиелік қоржынның құрылымын сипаттайды.

Ақырында, оңтайлы несие қоржынын қалыптастырудың бесінші сатысы несие қоржынының тиімділігі мен сапасына баға береді. Ол банк қызметіндегі несиелік операциялардың рөлін, банктің несиелік әлеуетін пайдалану тиімділігін, пайыздық ставкалардың деңгейін және несиелік қызметтен түскен

кіріс көлемін, пайыздық маржаның мөлшерін айқындау, сондай-ақ мерзімі өткен берешекті талдау негізінде несиелік операциялардан нақты тәуекелді айқындау негізінде құрылады.

Банктердің пікірінше, ең үлкен несие тәуекелі экономиканың жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, ауыл шаруашылығы, құрылыс, қонақ үй және мейрамхана бизнесі, ең азы өңдеу өнеркәсібінде шоғырланған.

Банктер неғұрлым сапалы және маңызды заңды тұлғалармен жұмыс істеген кезде несиелеудің арнайы бағдарламаларын әзірлей отырып немесе несиелер бойынша икемді жағдайлар жасай отырып, жеке тәсілді жиі пайдалануы керек. Осылайша, банктер несие берудің белгілі бір мақсатына, бизнестің ерекшелігі мен құрылымына қарай өз несиелік өнімдерін тұрғызады, ал қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемелер мен банктік тарифтер нақты клиентке немесе клиенттердің топтарына байланысты болуы мүмкін.

Шетел банктерінің тәжірибесінде жеке тұлғаның несиелік қабілеттілігін анықтаудың өзара байланысты екі әдісі қолданылады. Біріншісі (логикалық), болжамды эксперттік бағалауға сүйенеді және потенциалды қарыз алушының қаржылық жағдайы мен жеке қасиеттерін талдауды көздейді. Эксперттік бағалау бір көрсеткіштердің басқа көрсеткіштер алдындағы басымдылығын сипаттайды. Қолда бар ақпарат негізінде банк маманы тапсырыс берушінің «жалпы бейнесін» құруға тырысады және оны несиелік тәуекелі әртүрлі қарыз алушылардың «стандартты бейнелерімен» салыстырады. Логикалық әдіс потенциалды клиенттердің несиелік тарихын ашып көрсететін мониторинг жүйесінің дамуымен күшейе түседі. Осы мақсатпен көптеген экономикалық дамыған елдердің банктері потенциалды қарыз алушылардың қаржылық және мүліктік жағдайы туралы ақпаратты жинақтайтын несиелік бюроньң ақпараттық қызметтерін пайдаланады. Осылайша, АҚШ-та 2000-нан аса жеке меншік ұйымдар, бұрын несие алған жеке тұлғалар жайлы мәліметтерге ие.

Екіншісі, банктердің кәсіпорындармен және ұйымдармен жүргізетін операцияларындағы тәуекелділікті анықтаудың негізгі құралдарының бірі - қарыз алушының банк алдындағы міндеттемелерін адал түрде орындау туралы ақпаратты анықтап көрсететін жүйені (несиелік бюро) қалыптастыру болып табылады. Несие бюролары несиелік ұйымдар мен олардың клиенттерінің мүдделеріне қызмет атқаратындай етіп, тәуелсіз құрылымдар ретінде қалыптасуы мүмкін.

Әлемнің көптеген елдерінде борышкерлер үнемі қарыз алушының төлем қабілеттілігі туралы ақпаратпен несиелік бюро арқылы тұрақты түрде алмасып отырады. Қаржылық емес сектордағы жағдайдың нашарлауы тәуекелдерді бағалау мен қарыз алушыларды таңдау мүмкіндігін күрделендіреді, пайыздық мөлшерлемелер өсіп, мықты және ірі қарыз алушыларды нарықтан кетуге мәжбүр етеді. Ал, қаржылық жағдайы тұрақсыз клиенттер жоғары мөлшерде ақы төлеуге даяр болады, себебі олар ссуданы қайтармауы да мүмкін.

Шетелдік тәжірибеден көріп отырғанымыздай, бұл проблемалардың шешілуі, борышкерлер арасында қарыз алушылар туралы ақпаратпен алмасу мақсатымен құрылған, несиелік бюролардың қызметімен тығыз байланысты.

Қазақстан, басқа да дамушы нарықтық елдер сияқты қаржылық делдалдық саласында ақпараттардың қарама-қайшылығының әсерін сезінеді. Мұндай ақпараттардың басым болуы банктік тәуекелдерді басқаруды күрделендіре түседі.

Теңгерімді өтімділікті қамтамасыз ету үшін банк ресурстарды жаңа несиелерге орналастыру (немесе сапасы мен табыстылығының арқасында үшінші тұлғаларға несиелік сату) мүмкіндігі болуы үшін берілетін несиелер толық көлемде және шарттарда белгіленген мерзімде қайтарылуы маңызды. Осының бәрі банкте несиелік салымдар мен бизнес-үрдістерін сапасын басқару жүйесін сауатты ұйымдастырудың, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құрудың арқасында мүмкін болады.

Банк қызметінде өтімділікпен проблемалардың туындауы оның қаржылық жағдайының әлсіреуіне және өзінің ресурстық базасын сақтауға және қолдауға байланысты қиындықтардың туындауына (мысалы, салымдар мен депозиттердің жылыстауына; банкаралық несиелердің қымбаттауына) әкеп соғады. Сонымен қатар, банктердің ағымдағы қызметі өтімділік пен кірістілік деңгейлерінің оңтайлы ара қатынасын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс: несиелік ұйымның өтімділік деңгейі жоғары болған сайын, оның кірістілігі де аз, өйткені жоғары өтімді активтер бойынша кіріс тәуекелдің аз дәрежесіне байланысты басқа актив құралдарымен салыстырғанда төмен.

Несие қоржын сапасын жақсарту үшін 3 - модернизация барысында "Цифрлы Қазақстан" жобасы қолға алынды. Сол жоба арқылы ЕДБ-ге бірыңғай биометрия жүйесін енгізу қарастырылды. Бірыңғай биометрия жүйесі - несиелік скорингті дамытуға әсер етеді және несиелік қоржынның сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Әлемнің көптеген елдеріндегі банктер клиенттердің идентификациясын анықтау барысында биометрияны қолданады. Бұл технология арқылы қашықтықтан қағаз құжаттарына қол қоюға және қаржы қызметтерін алуға мүмкіндік береді. Мысалы, клиенттер банктік шоттар, депозиттер ашып, төлем карталарымен ашу секілді қызметтерді тез арада филиалға келмей-ақ жүзеге асыра алады. Қашықтықтан сәйкестендіруді жасау үшін клиент ЖСН енгізіп, банкте бейнеконференция сеансын өткізеді. Сәйкестендіру клиенттің биометриялық деректері және оның келісімімен алынған ақпараттар арқылы жүргізіледі. Идентификация арқылы биометриялық қашықтықтан қызмет көрсету ҚР ЕДБ-де кеңінен тарап кетті. Бірақ, несиелік алу және несиелік скоринг жүргізу барысында бұл жеткіліксіз, сондықтан аутентификация мен электрондық құжат енгізу арқылы сенімді процесс жүргізу қажет. ҰБ құрастырған жүйе бойынша: клиенттің суреті базада сақталып, қарыз алушымен қашықтықтан видео-байланыс жүргізу барысында базадағы суретпен салыстырылып, клиенттің жеке мәліметтерін анықтайды. Бірақ, бұл

жағдайда клиенттің тарихын анықтауға жеткілікті болғанымен алаяқтық жағдайлардан сақтамауы мүмкін.

2018 Ресейде бірінғай биометриялық жүйе енгізілген болатын. Бұл жүйеде клиенттің идентификациясын анықтау дауыстың профиль мен фотосурет қолданып көрді. Жүйені енгізуге 250 млн рубль жұмсалған. Ал әрбір банкке енгізу үшін теңгемен 20 млн тенге шамасында қаржы жұмсауды талап ететіні анықталды. ҰБ бұл жүйені Евразиялық банкке тегін түрде тәжірибе ретінде жүргізіп көрді, бірақ басқа банктерге енгізу үшін көп мөлшерде қаражат жұмсалатыны белгілі.

Бұл жобаны ұсынудағы себебіміз, жобаны жүзеге асыру үшін көп қаржы бөлінгенімен, нәтижесі клиенттердің несие төлеу қабілетін жоғарылатып, уақыт үнемдеу мен ел дамуына әсер ететін факторлардың көптігін ескере отырып, оңтайлы шешім ретінде қарастырамыз.

ҚР ЕДБ-де биометрия кеңінен қолданылып бастады, бірақ тәжірибе жүзінде биометрияның жеңіл түрі (бет әлпеті мен саусақ іздерін тану) ғана дамыды. Бірақ бұл түріне инвестиция құюға жеткіліксіз, сондықтан банктер биометрияның 4 құрылысын (саусақ іздері, көз қарашығы, дауыс тану, Face ID-3D формасында бетті сканерлеу) бірден енгізген жөн. ІНБ ұсынған ақпарат бойынша биометрияны толық енгізу клиенттің жеке мәліметін алаяқтықтан қорғауға және клиенттің сыртынан рұхсатсыз үшінші жақ несие алуына жол бермеуге негіз болатынын айта кеткен жөн. Бірақ, ІТ технологиямен қатар алаяқтық қатар дамитынын ескерген жөн, ал биометриялық жүйе барысында тірі ағзалардың қозғалысымен анықталғандықтан бұл жүйені бұзу оңайға соқпайтыны анық. Осы жүйені Ресейде тәжірибе жүзінде қолдану арқылы 1 жыл ішінде (2017ж) алаяқтық арқылы жасалған 9 мың несиелік өтініштердің алдын алып, 1,5 млрд рубльді үнемдей алды. Егер осы жобаны ҚР-ның барлық ЕДБ-де қолданар болса несие қоржынының сапасы ендігі біршама жоғарылаған болар еді. Сонымен қатар, клиенттер базасын осы жоба арқылы дамыту несиелік скоринг жүргізуге қолайлы болар еді.

Биометрияны барынша айқын пайдалану клиенттерді әртүрлі қаржылық процестерде сенімді түрде анықтау болып табылады.

Екінші жағынан - жеке ақпаратпен және қаржылық деректермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бұл барлық төлем жүйелеріне және банктік несиеге, активтерді басқаруға және инвестицияларға қатысты және сақтандыруға пайдалы жүйе қарапайым биометрия смартфон арқылы саусақ іздерін танумен жүргізіліп келеді, бірақ, бұл жүйе қауіпсіздікті қанағаттандыра алмайды. Бұл жүйені жақын аралықта Мичиган ғалымы ойлап тапқан Master Print (орташа арифметикалық саусақ іздерін тану) жүйесімен алмастыруға болады.

Дауыс жазбасы арқылы тану ең қауіпті биометриялық процесс, себебі клиент дауыс жазбасын жүргізу барысында айналадағы дыбыстардан қорғана алмайды. және видео идентификацияға-да толық 100% сенімді бола алмаймыз.



Ең сенімді биометриялық процесс ретінде алақан тамырларын тану, ИК диапазонында түсірілген суреттің үш өлшемді моделі қолайлы болады деп ойлаймын.

Биометрияның ID-ME жүйесі арқылы паспорты сканерлеу арқылы ұқсас адамдарды алып тастап, басқалардың қолданып кетуіне жол бермейді, яғни несие алу барысында скоринг жүргізу үшін қолайлы процесс болып табылады.

Егер бұл жүйені толық енгізер болсақ, клиенттің несие тарихын 1,5-2 секунд ішінде анықтауға болады.

Осы жүйенің ҚР-ның ЕДБ-не енгізу арқылы алаяқтықты азайтып, несиелік скорингті дамытып, филиалдардың қызметіне мүмкіндігі шектеулі шағын аймақтардың халқына несие беруді тез арада жүзеге асырып, ел экономикасымен несиелік қоржын сапасын жақсартуға болады.

Жоба барысындағы проблемаларды ескере отырып, біз несие қоржынының сапасын жақсарту үшін төмендегідей ұсыныстар ұсынамыз:

1. Несиелерді теңгемен қорландыру валюталық қорландыруға қарағанда жоғары болса, ел экономикасының сыртқы күйзелістеріне тез бейімделуін қамтамасыз етер еді.

2. Инфрақұрылымдық жобаларға тартылған құрылыс компанияларының қарыздары несие қоржын сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Сондықтан, осы саланы дамытуға несие көп бөліну керек.

3. 2016 жылы қарыздар қоржыны біршама өсіп 85% қысқа мерзімді несиелер құраған (фармацевтика, қағаз өндіруге несие көбірек бөлінген уақыттарда сапасы біршама жақсарған).

4. Негізгі жұмыс істемейтін қарыздар үлесі корпоративтік сектор портфеліне тиесілі, сондықтан осы портфельді біршама тазалау несие беру тәуекелін төмендетуге себеп болар еді.

5. Кейбір ЕДБ мерзімі өткен несиелерді жасырып, стандартты түрде көрсетеді, реттеушінің, қадағалау құқығы шектеулі болғандықтан, немесе проблемалық несиелерді анықтау мандаты шектеулі болғандықтан жасырын ұстап несиелік қоржын сапасының нашарлауына алып келеді. Сондықтан әр тоқсан сайын банктің несие қоржынын тазалап тұратын бақылаушы ұйым құрылғаны жөн.

6. Несие қоржынның көп бөлігін ұзақ мерзімді қарыздар алса сапасы жақсарады.

7. ЕДБ өз уақытында 90 күннен мерзімі асқан несиелерді тазартып отырғаны дұрыс.

8. Халықтың кредиттік сенімділігін арттыру үшін биометрия цифрлы технологиясын енгізу қажет.

9. Қашықтықтан қызмет көрсету жүйесін (бірыңғай биометрия) ЕДБ-дің барлығы енгізер болса несиелік қоржын сапасын көтеруге болады.

10. Биометрияны енгізу несиелік скорингтің қызметін жақсартуға септігін тигізеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жұмысты қорыта келіп, жоғарыда айтылғандардан мынандай қорытынды шығаруға болады.

Банк менеджментінде сапаны бағалау және несиелік қоржынын басқару маңызды орын алатыны бәрімізге белгілі, өйткені несиелік банктің негізгі функцияларының бірі. Дипломдық жұмыста Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайында ЕДБ несиелік қоржынын басқаруды ұйымдастырудың ерекшеліктері мен проблемаларын зерттеп және оны жетілдіру жолдарын қарастырдық. Сонымен қатар, екінші деңгейдегі банктердің қызметін жетілдіру және несиелік қызметтерді дамытудың басым бағыттарын айқындау мәселелері ҚР экономикалық, саяси және әлеуметтік өміріндегі негізгі проблема болып табылады. Несиелік операциялардың банк бизнесінің дәстүрлі және кіріс құраушы түрі болып бөлінуі – несиелік қоржын мәселелерін зерделеудің және несиелік қызметтерді жетілдірудің өзекті мәселесі болып отыр. Сондықтан, несиелік тәуекелдерді азайтуға байланысты қаржылық тұрақсыздық пен міндеттер несиелік қоржынды басқару жүйесін жаңғырту және жақсарту проблемаларының маңыздылығын арттыратынын атап өткен жөн.

Жаңа экономикалық жағдайларда банк менеджментінің сапасына қойылатын талаптар едәуір өсті, бұл сөзсіз коммерциялық банктердің несиелік қоржынын қалыптастыру және басқару проблемасын бірінші орынға шығаратыны баршамамызға мәлім. Сол себепті де, әрбір банк несиелік беруді жүзеге асыра отырып, оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін өз қызметін талдауға мәжбүр болады. Бұл дегеніміз, банк әр түрлі уақытта сұраныспен әртүрлі несиелік өнімдерін пайдалана алады, сондай-ақ банк өз клиенттеріне әртүрлі шарттармен несиелік ұсына алады. Бұл ретте Банктің қызметі тұтастай да, оның оқшауланған бөлімшелері бойынша да талданады.

Банктің несиелік қоржынын талдау үшін, біріншіден, бұл, әрине, сандық талдау. Әрбір бағдарлама ішінде белгілі бір уақыт аралығында қанша несиелік шарт жасалғаны туралы деректер жиналып, талданады, олардың жиынтығы, жалпы сомасы анықталады және басқа кезеңмен (өткен жылмен, өткентоқсанмен, сондай-ақ жоспарлы көрсеткіштермен) салыстырылады.

Сандық талдау несиелендірудің басым бағыттарын айқындауға, жоғары табыстылықты арттыруға, артта қалған бағыттарды дамытуға, оларды дамыту бойынша шаралар қабылдауға, несиелеудің ең қауіпті салаларын бағалауға, бизнесті одан әрі қауіпсіздендіруге көмектеседі. Көп жағдайда мұндай талдау қабылданған әкімшілік шешімдерге әсер етеді, несиелендірудің одан әрі көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Дәл осы нәтижеден несиелік төбе анықталады – белгілі бір банк мекемесінде берілетін несиелік қаражатының барынша мүмкін көлемі. Келесі талдау сапалы талдау. Бұл талдау проблемалық несиелердің үлесін ашуға, қоржынның жалпы массасындағы мерзімі өткен берешектің көлемін анықтауға, оның уақыт динамикасын

анықтауға, неғұрлым тиімді бағыттарды, сондай-ақ аз қарқынмен дамып келе жатқан бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. Банк нарығының конъюнктурасы үнемі динамикада болғандықтан, мұндай жанжақты талдауды үнемі жүзеге асыру қажет. Тек осындай тәсіл Банктің тұрақтылығын сақтап қана қоймай, оның деңгейін, оның табыстылығы мен несиелік қызметтің рентабельділігін арттыруға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, маңызды мәселелердің бірі, яғни банктердің несиелік қоржынының сапасының төмен болу мәселесін шешу мақсатында Ұлттық Банк мүдделі мемлекеттік органдармен және нарықтың өкілдерімен бірлесіп Екінші деңгейдегі банктер активтерінің сапасын жақсарту тұжырымдамасын әзірлеген болатын. Бұл құжат банктерден проблемалық несиелерді сатып алу және олардың құнын қалпына келтіру үшін Ұлттық Банктің 100% қатысумен Ұлттық Банктің еншілес арнайы ұйымын құруды болжады. Соның арқасында, 2012 жылы «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ құрылды. Осы қор құрылғалы ҚР-ның Банк секторындағы нәтижелерге тоқталып, 2018 жылға дейінгі ақпараттарды салыстырып, сараладық. Бұл қордың несиелік қоржынға тигізер үлесі аса зор екенін осы талдаудың арқасында мәлім.

Екінші бөлімде, негізгі бөлім, талдау жүргізуіміздің нәтижелері. Бұл ҚР банк секторының несиелік қоржынының құрылымы, яғни оның құрамына қандай қызмет және қанша млрд. теңгені құрайтыны және 2017 жыл мен 2018 жылдың пайыз көрсеткішімен көрсетіп кеттік. Осы кестенің нәтижесінде, банктердің корпоративтік секторға қатысты несиелік саясат 2019 жылы қолданыстағы үрдістерді сақтап қалады деп болжап отырмыз. Сонымен қатар, несиелік қоржыны бойынша қалыптастырылған провизиялар (резервтер) жыл басынан бері 643,2 млрд. теңгеге немесе 19,1% - ға ұлғайып, 4 008,9 млрд. теңгені немесе ЕДБ жиынтық несиелік қоржынының 34,4% - ын құрады. Яғни, несиелік қоржынның сәлде болса алға жылжуын анықтадық. Бұл көрсеткіштерден бөлек банк секторының негізгі көрсеткіштеріне талдау жасадық. Ол 2013-2018 жылдар аралығындағы өзгерістерді қамтиды.

Үшінші бөлім, шешуші бөлім. Сонымен қатар, пайыздық кірістер мен Қазақстанның Екінші деңгейдегі банктерінің несиелік қоржынының мөлшері арасындағы регрессия теңдеуін жасауға арналған деректер жинап, есептер жүргіздік және экстраполяциялық әдіс түрін қолдандық.

Қорыта келгенде, несиелік қоржынның банк секторында және экономикада алатын орны өте зор. Осы арқылы несиені тиімді, табысты, және т.б. саясатты жүргізу арқылы банк несиелік резервтерін несиелік қоржынға орналастыра алады. Отанымыз Қазақстан Республикасы алдағы кезеңде тиімді экономикалық бағдарламалар жүргізу арқылы әлем таныған, алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына қосылатынына үмітіміз зор.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сейтқасымов Ғ.С., Омарбекова А.Ғ., Сейтқасымова А.Ғ., Ақша, несие, банктер. Оқулық . - Алматы: Экономика, 2013.-65-68 бет.
- 2 Хамитов Н.Н. Банк ісі. –Алматы: Экономика,2013.- 77-82 бет.
- 3 Мақыш С.Б. Банк ісі.Оқулық.-Алматы: ИздатМаркет,2009,22-25 б
- 4 Ольшаный А.И. Банковские кредитование.Учебник.-М.: Русская деловая литература, 2013.- 35-39 бет.
- 5 Мақыш С.Б. Коммерциялық банктердің операциялары. Оқу құралы. Алматы: Издат-маркет,2009.-18-24 бет.
- 6 Мақыш С.Б. Сұпығалиева Г.И, Ақша, несие, банктер пәнінен практикум Оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2014.-22–26 бет.
- 7 Мақыш С.Б Ақша айналысы және несие. Оқу құралы.- Алматы: Издатмаркет, 2009. – 29–33 бет.
- 8 Н. Брук. Банковские дело и финансирование инвестиций. Институт экономического развития Всемирного банка, 2015.-101–105 бет.
- 9 М. А. Касой. Платежный оборот. Учебник.-М: Финансы и статистика, 2013.- 66–69 бет.
- 10 Банковское дело. 2-е изд. Под ред. Г.Н. Белоглазовой, Л.П. Кроливецкой. СПб.: Питер, 2013.-23–29 бет
- 11 Панова Г.С. Кредитная политика коммерческого банка. Учебное пособие.-М: ИКЦ ДИС, 2013.–30–37 бет.
- 12 О.М. Маркова Коммерческие банки и их операции// Москва: Банки и биржи, 2015.-13–17 бет.
- 13 Б. Мақыш Коммерциялық банктің қызметін басқару: жағдайы және болашағы,2009.- 111 – 130бет.
- 14 Жаналинов Б.Н Банк тәуекелдері 2013.- 38 – 45бет.
- 15 «Қазақстан Халық Банкі»[Электрондық ресурс] : Ресми сайт. - Кіру режимі: <https://halykbank.kz/>.
- 16 «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін»[Электрондық ресурс]: Ресми сайт. - Кіру режимі:<https://www.nationalbank.kz/>.